

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2020 жылғы «5» ақпандағы  
№ 51 бұйрығына 1-қосымша

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2013 жылғы 3 сәуірдегі  
№ 115 бұйрығына 546 -қосымша

**Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған  
бастауыш білім беру деңгейінің 0-1 сыныптары үшін «Сауат ашу»  
пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы  
(оқыту қазақ тілінде)**

**1 - тарау. Жалпы ережелер**

1. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 0-1 сыныптары үшін «Сауат ашу» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының б) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Бағдарлама мақсаты – оқу мен жазудың негізі ретінде дыбыстық-әріптік талдау мен синтезді қалыптастыру, оқу мен жазудың бастапқы дағдыларын меңгерту.

3. Бағдарлама міндеттері:

1) жазудың функционалды негізін: кеңістікте бағдарлауын, көріп қабылдауын, естіп қабылдауын, ұсақ моторикасын, фонематикалық түсініктерін, графомоторлы дағдыларын қалыптастыру;

2) сөйлеу тілін тыңдауға, мағынасын түсінуге, жеңіл нұсқауларды орындауға үйрету;

3) қазақ тілі дыбыстарын дұрыс айтуын, ажыратуын қалыптастыру;

4) дыбыстық-әріптік талдауға сүйене отырып, дыбыстарды буынға қосуды қалыптастыру, буындық оқу білігін дамыту;

5) тілдік бірліктер (дыбыс, буын, сөз, сөйлем, мәтін) және орфография, пунктуация туралы қарапайым түсініктерді меңгерту;

6) әріптерді дұрыс жазуға, оларды буындар мен сөздерге біріктіруге үйрету.

4. Түзете-дамыту міндеттері:

1) әр білім алушының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, сөйлеу мен танымдық аясының дамуындағы жетіспеушіліктерді жеңу;

2) коммуникативтік дағдыларын (диалогтік және монологтік сөйлеу тілін), сөйлеу мәдениетін, сөйлеуіндегі дыбыс айтуын өздігінен бақылау дағдыларын қалыптастыру;

3) білім алушылардың көрнекі-әрекеттік және көрнекі-бейнелі ойлауын, ойлау операцияларын (талдау, салыстыру, қорыту, жіктеу) дамыту.

## **2 - тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер**

5. Оқу процесін ұйымдастыруға арналған педагогикалық тәсілдерінің іске асырылуы жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың ерекше оқу қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған тәсілдеріне негізделген.

6. Іс-әрекеттік ықпал ету тәсілі - оқыту процесінде психикалық функциялардың (оның ішінде қабылдау, сөйлеу, ойлау) сенсомоторлы негізін дамытуға ықпал ететін, білім алушылардың танымдық аясы мен өмірлік тәжірибесі жетіспеушіліктерінің орнын толтыруға мүмкіндік беретін заттық-практикалық іс-әрекет кеңінен қолданылады.

7. Оқытудың әлеуметтік бейімдеу тәсілі қарапайым гигиеналық, коммуникативтік, тұрмыстық дағдыларынан бастап, күрделі әлеуметтік дағдыларға дейін әлеуметтік өмірге қатысу үшін қажетті мінез-құлық нормаларын, өмірлік дағдыларын игеру бойынша арнайы жұмысты көздейді.

8. Зиятында бұзылыстары бар балалардың өз қызметін өздігінен ұйымдастыра алмауына, педагогтың үнемі бағыттаушы көмегін, қадамдық ұйымдастыру мен нұсқауды қажет етуіне байланысты арнайы педагогикалық қолдау қағидасы қолданылады.

9. Білім алушылармен жұмыс жасау барысында олардың еліктеу қабілетіне, сақталған көрнекі-әрекеттік ойлау мүмкіндіктеріне сүйенеді.

10. Жеке және саралап оқыту білім алушылардың түрлі типологиялық топтары үшін оқу материалының әр түрлі көлемі мен күрделілігін, білім алушылардың оқу тапсырмаларын орындау дербестік дәрежесін, көрнекі-дидактикалық материалдардың түрлерін көздейді.

11. Сауат ашу процесі фонематикалық есту қабілетін, дыбыстық-әріптік талдауын, ойлау операцияларын қалыптастыруға бағытталған талдау-жинақтау әдісі негізінде жүзеге асырылады.

12. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың жетістіктерін бағалау тек ішкі бағалаумен жүзеге асырылады.

13. Деңгейлік мақсаттарға сәйкес әзірленген тапсырмалар мен жаттығулар бағалаудың құралы болып есептеледі.

14. Оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру нәтижелерін тікелей мұғалім бағалайды, жүйелі түрде бақылау-бағалау әрекеттерін жүзеге асырады.

15. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды оқытудың нәтижелілігін бағалау ағымдық (сабақ бойынша), кезеңдік (тақырыптық) және қорытынды бақылау түрінде іске асырылады.

16. Ағымдық бақылау оқытудың мазмұны мен әдістерін дұрыс таңдау мақсатында жүргізіледі, бұл ретте педагог сабақта білім алушылардың қызметін бақылауды, практикалық және дербес жұмыстарды, ұжымдық қызмет түрлерін талдауды пайдаланады.

17. Кезеңдік (тақырыптық) бақылау әр типологиялық топтағы білім алушылардың оқу материалын меңгерудегі түрлі мүмкіндіктері ескеріле отырып, тақырыптың, тараудың аяғында жүргізіледі.

18. Әр білім алушының оқу жетістіктері мен даму динамикасын талдау мақсатында тоқсанның, жылдың аяғында қорытынды бақылау жүргізіліп, жетістіктері оқу картасына енгізіледі.

### **3 - тарау. «Сауат ашу» пәнінің мазмұнын ұйымдастыру**

19. «Сауат ашу» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 0-сынып – аптасына 5 сағат, оқу жылы бойынша 160 сағатты;

2) 1-сынып – аптасына 6 сағат, оқу жылы бойынша 198 сағатты құрайды.

20. «Сауат ашу» пәні бойынша бағдарлама екі кезеңнен тұрады: әліппеге дейінгі кезеңі (0-сынып) және әліппе кезеңі (1-сынып), қажет болған жағдайда әліппе кезеңі екінші сыныпта да жалғасады.

21. Бағдарлама мазмұны 3 бөлімді қамтиды:

1) «Тыңдалым және айтылым» бөлімі;

2) «Оқуға дайындық» бөлімі;

3) «Жазуға дайындық» бөлімі.

22. «Тыңдалым және айтылым» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) негізгі тілдік бірліктерді (сөйлеу, сөз, сөйлем, мәтін) түсіну;

2) мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтау;

3) тыңдалған материалды мазмұндау;

4) дыбысқа назар аудару;

5) тіл дыбыстарын дұрыс айту.

23. «Оқуға дайындық» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) оқу дағдыларын меңгеру;

2) сөйлем құрастыру;

3) сұрақтарға жауап беру;

4) дыбыс пен әріпті тану және ажырату.

24. «Жазуға дайындық» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) жазу жұмысына дайындық жаттығулары;

2) кеңістікте және уақытты бағдарлау;

3) көріп қабылдауын дамыту;

4) қарапайым графикалық дағдыларды меңгеру;

5) фонематикалық есту қабілетін дамыту;

6) көшіріп, жат жазу дағдыларын меңгеру;

7) сөздің негізгі бірліктерінің шартты-графикалық формаларын қолдану (сөз, сөйлем).

25. 0- сыныпқа арналған «Сауат ашу» пәнінің базалық мазмұны:

1) тыңдалым және айтылым: нұсқауды түсіну; тыңдау барысында тілдік бірліктерді (сөйлеу, сөз, сөйлем, мәтін) ажырату, тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну; мұғалім мен басқа білім алушылардың сөзін тыңдау, естігенінің мәнін түсіну, сөз мағынасын түсіну; тілдік емес амалдарды (интонация, мимика, қол қимылдары, дене қимылдары) ауызша сөйлеуде қолдану; іс-әрекет, сурет бойынша жай сөйлем құрау; қоршаған ортадағы әр түрлі дыбыстарды ажырату; жануарлардың дыбысын ажырату; әр түрлі дыбыс шығаратын заттарға, жануарларға еліктеу; шағын тақпақты жатқа айту; адамның дене мүшелерін атау; дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату; заттарды атау; сөздерді табу; суретке қарап сөйлем құрастыру; сұрақ бойынша сөйлем құрастыру; көрнекілікке сүйене отырып, сөйлем құрастыру; қимыл-әрекеттер, сурет, сұрақ бойынша жай сөйлем құрастыру;

2) оқуға дайындық: сөздегі дыбыстардың саны мен бірізділігін анықтау; дыбыстық талдау жасау; дыбыстардың мағыналық-ажыратушылық функциясын түсіну; сөздер мен сөйлемдердің құрылымын сызба арқылы түсініп, тану (сөздегі буын санын, сөйлемдегі сөз санын анықтау); сөздің мағынасын, сөйлемнің мәнін түсіну; тыңдау барысында тіл бірлестіктерін (сөз, сөйлем, мәтін) ажырату; тыңдалған материалдың мазмұны бойынша және мәтінге берілген суреттерге байланысты сұрақтарға жауап беру (мұғалім көмегімен); сызба бойынша сөйлем құрау;

3) жазуға дайындық: жазу жұмысына дайындық жаттығуларын орындау (денені дұрыс ұстау, дұрыс отыру, дәптерді дұрыс қою, қарындашты/қаламды дұрыс ұстау); кеңістікте бағдарлау (жазу жолы, жоларалық кеңістік, жолдың жоғарғы және төменгі сызығы, көлбеу, тік); қол мен саусақтардың қимылы мен қозғалысын қалыптастыруға арналған жаттығуларды жасау; түзу сызықтар бойынша қағазды қию, жапсыру, ретімен орналастыру, үлгі бойынша тақтаға бормен, дәптерге қарындашпен әртүрлі бағытта (көлденең, қиғаш, тік) сызықтар жүргізу; сызықты бір бағыттан екінші бағытқа бұрып сызу, берілген сызықтан асырмай сызу; үлгі бойынша шар, шеңбер, үшбұрыш, шаршыны айналдырып сызу, бояу, штрихтеу; сурет салу, түзу сызық, үзік сызықтар, ирек сызықтар, әріп элементтерін ретпен жазу; фонематикалық есту қабілетін дамыту; сөздегі дыбыстардың саны мен бірізділігін анықтау. А, О, Л, Т дыбыстарын сөз ішінде тану, ажырата білу. Дыбыстық құрамы әртүрлі болатын буындарға дыбыстық талдау жасау. Дыбыстық құрылымы әртүрлі болатын сөздерге дыбыстық талдау жасау: бір дауысты дыбыстан тұратын түйік буынды сөздер; үш дыбыстан құралған сөздер.

26. 1 - сыныпқа арналған «Сауат ашу» пәнінің базалық мазмұны:

1) тыңдалым және айтылым: тыңдау барысында тілдік бірліктерді (сөйлеу, сөз, сөйлем) түсіну, ажырату; тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну; тілдік емес амалдарды (интонация, мимика, қол қимылдары, дене қимылдары) ауызша сөйлеуде қолдану; өлеңдер, санамақтар, мақалдар мен мәтелдер, жұмбақтар жаттау. Сұрақты тыңдау, сұрақтағы сөзді қолдана отырып, жауап беру, асықпай сөйлеу; іс-әрекет, сурет бойынша жай сөйлем құрау. Сөздегі бірінші дыбысты ажырата білу; сөздерді естіп, керекті дыбысты ажырата білу; дыбыстық құрамы жақын сөздерді ажырату; артық буынды табу;

сөздерді буынға бөліп айту; сөздегі дауысты, дауыссыз дыбыстарды анықтап, бөліп айту;

2) оқуға дайындық: қысқа мәтіннің мазмұнын түсіну (2-3 сөйлемнен құрылған); мұғалімнің көмегімен көрнекілікке сүйене отырып, сөйлем құрастыру; мұғалімнің көмегімен мәтінде кім? (не?) туралы айтылғанын анықтау. Берілген сюжетті сурет бойынша шағын әңгіме құрап айту; мұғалімнің көмегімен мәтіннің иллюстрациясы бойынша қойылған сұраққа жауап беру. Айтылған шағын ертегі, жұмбақ, тақпақ және әңгімені түсіну; тыңдаған материалдың мазмұны бойынша және мәтінге берілген суреттерге байланысты сұрақтарға жауап беру; білім алушылардың сөздік қорын байыту және белсендіру;

3) жазуға дайындық: денені дұрыс ұстау, дұрыс отыру, дәптерді дұрыс қою, қарындашты/қаламды дұрыс ұстау; жазу жолы, жоларалық кеңістік, жолдың жоғарғы және төменгі сызықтар, көлбеу, тік сызықтарды сызу; сызба-модельдерді қолдана отырып, сөзге және сөйлемге дыбыстық-буындық талдау жасау, дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату, сөздерді буынға бөлу; Кеспелі әліппенің әріптері мен буындарынан сөз құрау; әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу; сөйлемді бас әріптен бастап жазып, соңында нүкте қоюды үйрену; өтілген әріптердің жазба түрдегі бас және кіші әріп таңбаларын меңгеру. Буындарды мұғалімнің айтуымен жазу.

27. Дыбыс пен әріптерді кезеңдер бойынша өткізу реті:

1) бірінші кезеңде өтілетін дыбыстар және әріптер: Аа, Оо, А-О, Лл, Тт; Мм;

2) екінші кезеңде өтілетін дыбыстар және әріптер: Пп, Нн, Рр, Л-Р, Уу, Ғғ, Сс, Йй, Бб;

3) үшінші кезеңде өтілетін дыбыстар және әріптер: Ққ, Шш, С-Ш, Ыы, Ее, Дд, Д-Т, Кк, Іі, І-Ы, Зз, С-З, Гг, Г-К, Ұұ, Ңң, Н-Ң, Жж, Ж-Ш, Ии, И-Й, Үү, Ұ-Ү, Хх, Өө, Ө-О, Әә, Ә-А, һ, Яя, Юю;

4) төртінші кезеңде өтілетін дыбыстар және әріптер: Вв, Цц, Фф, Ёё, Щщ, Ээ, Чч, ь, ь.

28. Білім алушылардың оқу материалын меңгеру деңгейіне, оқу мақсаттарына қол жеткізу және әр кезеңнің міндеттерін орындау мүмкіндіктеріне байланысты, дыбыспен және әріптермен танысуға арналған сағат санын мұғалім өзі реттейді.

#### **4 - тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі**

29. Оқу бағдарламасында әрбір бөлімнің оқу материалын оқытудың мазмұны мен бірізділігін анықтау үшін негіз болатын, сондай-ақ білім алушылардың жетістіктерін бағалау критерийлері болып табылатын оқыту мақсаттары жүйесі түрінде ұсынылған күтілетін нәтижелер тұжырымдалған.

30. Бағдарламада ұсынылған оқыту мақсаттары кодтық белгімен белгіленді. Кодтық белгіде бірінші белгі – сыныбын, екінші және үшінші белгі

– бөлімнің және бөлімшенің реттік санын, төртінші белгі оқыту мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 1.1.2.1 кодында «1» - сыныбы, «1.2» - бөлімше,

«1» - оқыту мақсатының реттік саны.

31. Оқыту мақсаттарының жүйесі:

1) «Тыңдалым және айтылым» бөлімі:

1 кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары	
	0-сынып	1-сынып
1.1 Негізгі тілдік бірліктерді түсіну	0.1.1.1 нұсқауды түсіну; 0.1.1.2 тыңдау барысында тілдік бірліктерді (сөйлеу, сөз, сөйлем, мәтін) ажырату, тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну	1.1.1.1 тыңдау барысында тілдік бірліктерді (сөйлеу, сөз, сөйлем) түсіну, ажырату; 1.1.1.2 тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну; 1.1.1.3 айтылған шағын ертегі, жұмбақ, тақпақ және әңгімені түсіне білу
1.2 Мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтау	0.1.2.1 сөз мағынасын түсіну; 0.1.2.2 қысқа әңгіме және өлең мәтінін тыңдау, мәтін атауымен мазмұнды сәйкестендіру; 0.1.2.3 тыңдаған материалдың мазмұны бойынша және мәтінге берілген суреттерге байланысты сұрақтарға жауап бере білу (мұғалім көмегімен).	1.1.2.1 мұғалімнің көмегімен мәтінде кім? (не?) туралы айтылғанын анықтау
1.3 Тыңдалған материалды мазмұндау	0.1.3.1 қарапайым тапсырмаларды орындай білу	1.1.3.1 сөйлем құрастыру; 1.1.3.2 мұғалімнің көмегімен оқығанын есіне сақтай отырып айтып беру
1.4 Дыбысқа назар аудару	0.1.4.1 тілдік емес дыбыстарды ажырату: қоршаған ортадағы әр түрлі дыбыстарды ажырата білу (жапырақтың сыбдыры, қоңыраудың шылдыры, аяқты басқандағы дыбыс); 0.1.4.2 жануарлардың дыбысын ажырату (сиыр, ит); 0.1.4.3 әр түрлі дыбыс шығаратын заттарға-ұшақтың, машинаның дауысы, жануарларға еліктеу; 0.1.4.4 дауысты дыбыстарды өз	

	ара ажырата білу; 0.1.4.5 дауыссыз дыбыстарды өзара ажырата білу; 0.1.4.6 дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырата білу	
1.5 Тіл дыбыстарын дұрыс айту	0.1.5.1 артикуляциялық және тыныс алу жаттығуларын жасай білу; 0.1.5.2 артикуляциясы жеңіл дыбыстарды айта білу; 0.1.5.3 вербалды емес қарым-қатынас құралдарын (ым-ишара, қимыл), дауыс ырғағын, мәнерін, қарқынын, сөз арасындағы кідірісті қолдану	1.1.5.1 артикуляциялық және тыныс алу жаттығуларын жасай білу; 1.1.5.2 артикуляциясы қиын дыбыстарды айта білу; 1.1.5.3 вербалды емес қарым-қатынас құралдарын (ым-ишара, қимыл), дауыс ырғағын, мәнерін, қарқынын, сөз арасындағы кідірісті қолдану; 1.1.5.4 ана тілі дыбыстарын дұрыс айту

2) «Оқуға дайындық» бөлімі:  
2 кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары	
	0-сынып	1-сынып
2.1 Оқу дағдыларын меңгеру	0.2.1.1 тыңдау барысында тіл бірлестіктерін (сөз, сөйлем) ажырату; 0.2.1.2 тыңдау барысында тіл бірлестіктерін (сөз, сөйлем, мәтін) ажырату; 0.2.1.3 қысқа мәтіннің мазмұнын түсіну	1.2.1.1 қысқа мәтіннің мазмұнын түсіну (2-3 сөйлемнен құрылған); 1.2.1.2 мәтінде автордың кім? (не?) туралы айтқысы келгенін түсіну
2.2 Сөйлем құрастыру	0.2.2.1 мұғалімнің көмегімен сұрақ бойынша сөйлем құрастыру; 0.2.2.2 сызба бойынша сөйлем құрай білу	1.2.2.1 мұғалімнің көмегімен көрнекілікке сүйене отырып, сөйлем құрастыру; 1.2.2.2 іс-әрекет, сурет бойынша жай сөйлем құрау; 1.2.2.3 берілген сюжетті сурет бойынша шағын әңгіме құрап айту
2.3 Сұрақтарға жауап беру	0.2.3.1 тыңдаған материалдың мазмұны	1.2.3.1 мәтін иллюстрациясы бойынша

	бойынша және мәтінге берілген суреттерге байланысты сұрақтарға жауап бере білу (мұғалім көмегімен)	қойылған сұраққа жауап беру (мұғалім көмегімен)
2.4 Дыбыс пен әріпті тану және ажырату	0.2.4.1 дыбыстардың сөздегі қызметін түсіну	1.2.4.1 әріпті тану, ажырату және оны дыбыспен сәйкестендіру; 1.2.4.2 сөздерді буынға бөліп айта білу; 1.2.4.3 сөздегі дауысты, дауыссыз дыбыстарды анықтап, бөліп айта білу; 1.2.4.4 Аа, Оо, А-О, Лл, Тт, Мм, Пп, Нн, Рр, Л-Р, Уу, Ғғ, Сс, Йй дыбысы мен әріпін меңгеру; 1.2.4.5 Ққ, Шш, С-Ш, Ыы, Ее, Дд, Д-Т, Кк, Іі, Ы-І, Зз, С-З, Гг, Г-К, Ұұ, Ңң, Ң-Н, Жж, Ж-Ш, Ии, И-Й, Үү, Ү-Ү, Хх, Өө, Ө-О, Әә, Ә-А, Һ, Яя, Ю, дыбысы мен әріпін меңгеру; 1.2.4.6 Вв, Цц, Фф, Ёё, Щщ, Ээ, Чч, ь, ь дыбысы мен әріпін меңгеру

3) «Жазуға дайындық» бөлімі:

3 кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары	
	0-сынып	1-сынып
3.1 Жазу жұмысына дайындық жаттығулары	0.3.1.1 денені дұрыс ұстау, дұрыс отыру, дәптерді дұрыс қою, қарындашты/қаламды дұрыс ұстау; 0.3.1.2 үлгі бойынша тақтаға бормен әртүрлі бағытта (түзу, көлденең, қиғаш, тік) сызықтар жүргізе білу; 0.3.1.3 дәптерге қарындашпен әртүрлі	1.3.1.1 денені дұрыс ұстау, дұрыс отыру, дәптерді дұрыс қою, қарындашты/қаламды дұрыс ұстау

	бағытта (түзу, көлденең, қиғаш, тік) сызықтар жүргізе білу	
3.2 Кеңістікте және уақытты бағдарлау	0.3.2.1 кеңістік ұғымдарын (алыс, жақын, алдында, артында), тәулік мөлшерін (таңертең, түс, түн) түсіну; 0.3.2.2 өз денесін бағдарлай білу (адамның дене мүшелерін атай білу); 0.3.2.3 кеңістікті білдіретін сөздерді түсіну, оң-сол дене мүшелерін көрсетіп, атап беру	1.3.2.1 жазу жолы, жоларалық кеңістік, жолдың жоғарғы және төменгі сызығы, көлбеу, тік сызығы
3.3 Көріп қабылдауын дамыту	0.3.3.1 заттарды атау, затты толық мөлшерде көріп есте сақтау; 0.3.3.2 таяқшаларды және қағаз жолақшаларын түр-түсі бойынша құрастыра білу; 0.3.3.3 таяқшаларды және қағаз жолақшаларын көлемі бойынша құрастыра білу	1.3.3.1 заттың бөлшегін бөліп айту, заттарды топ ішінде бөліп айта білу; 1.3.3.2 екі затты салыстыра білу, бірінің үстіне бірі салынған заттардың бейнесін танып білу; 1.3.3.3 контурлы бейнеленген заттарды танып, атау, бір элементі жетіспейтін затты танып, атау; 1.3.3.4 геометриялық фигураларды білу, құрастыру
3.4 Қарапайым графикалық дағдыларды меңгеру	0.3.4.1 қол мен саусақтардың қимылы мен қозғалысын қалыптастыруға арналған жаттығуларды жасай білу; 0.3.4.2 сызықтар бойынша қағазды қию, жапсыру; 0.3.4.3 қиылған жолақшаларды ретімен орналастыра білу	1.3.4.1 сызықты бір бағыттан екінші бағытқа бұрып сыза білу, белгілеген сызықтан асырмай сыза білу; 1.3.4.2 үлгі бойынша шар, шеңбер, үшбұрыш, шаршыны айналдырып сыза білу, оларды бояу, штрихтау; 1.3.4.3 сурет салу, түзу сызық, үзік сызықтар, ирек сызықтар, әріп элементтерін ретімен жазу

<p>3.5 Фонематикалық есту қабілетін дамыту</p>	<p>0.3.5.1 сөздегі дыбыстардың саны мен бірізділігін анықтау; 0.3.5.2 дыбыстық құрамы әртүрлі буындарға дыбыстық талдау жасай білу (ау, уа, иа, аи, уаи); 0.3.5.3 дыбыстық құрылымы әртүрлі сөздерге дыбыстық талдау жасай білу: бір дауысты дыбыстан тұратын тұйық буынды сөздер (ат, от, ұн); үш дыбыстан құралған сөздер (мал, шар, лак)</p>	<p>1.3.5.1 сөздер мен сөйлемдердің құрылымын сызба арқылы түсініп, тани білуі (сөздегі буын санын, сөйлемдегі сөз санын анықтау); 1.3.5.2 кеспе әліппенің әріптері мен буындарынан сөз құрай білу; 1.3.5.3 дыбыстық құрылымы әртүрлі сөздерге дыбыстық талдау жасай білу:екі дыбысты ашық буыннан тұратын сөздер (ма-са, ма-та, ша-на);бір дыбысты ашық буын мен үш дыбысты бітеу буыннан тұратын сөздер (о-рақ, а-сық, а-ғаш, о-жау)</p>
<p>3.6 Көшіріп, жат жазу дағдыларын меңгеру</p>		<p>1.3.6.1 баспа мәтіннен буындар мен сөздерді көшіріп жазу; 1.3.6.2 дыбыстық-әріптік талдаудан кейін әріптерді, буындарды қолжазба мәтінінен көшіріп жазу; 1.3.6.3 айтуы мен жазуында айырмашылығы жоқ әріптерді, буындарды, сөздерді, сөйлемдерді жат жазу (алдын ала дыбыстық-әріптік талдаудан кейін); 1.3.6.4 көшіріп жазу кезінде сөзде жетіспейтін әріпті, буынды қою (алдын ала талдаудан кейін); 1.3.6.5 жетіспейтін сөздерді орнына қойып сөйлемді көшіріп жазу (сурет бойынша)</p>
<p>3.7 Сөздің негізгі бірліктерінің</p>	<p>0.3.7.1 сөзді, сөздегі дыбыс орнын, сөздегі буын санын</p>	<p>1.3.7.1 сөзді, сөздегі дыбыс орнын, сөздегі</p>

шартты-графикалық формаларын қолдану (сөз, сөйлем)	белгілеу үшін шартты-графикалық жазбаны қолдану; 0.3.7.2 мұғалімнің көмегімен шартты-графикалық сызба құру; 0.3.7.3 сөйлемді сызба бойынша атау	буын санын белгілеу үшін шартты-графикалық жазбаны қолдану; 1.3.7.2 тиісті суретке байланысты сөз сызбасын таңдау 1.3.7.3 сөйлемнің шартты-графикалық сызбасын құру; 1.3.7.4 сөйлемдегі сөздер санын атау
--	---	--

32. Осы Бағдарлама жеңіл ақыл ойы кемістігі бар білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 0-1 сыныптары үшін «Сауат ашу» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспары негізінде осы Бағдарламаның қосымшасына сәйкес жүзеге асырылады. Ұзақ мерзімді жоспарда барлық сынып бойынша әр бөлімде қамтылатын оқу мақсаттарының көлемі белгіленген.

33. Бөлімдер мен тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

34. Оқыту бастауыш сыныптардағы белгіленген барлық оқу жылына арналған бірыңғай ортақ тақырыптар контекстінде жүзеге асырылады.

Бастауыш білім беру деңгейінің  
0-1 сыныптары үшін «Сауат ашу» пәнінен  
жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу  
бағдарламасына қосымша

Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған  
бастауыш білім беру деңгейінің 0-1 сыныптары үшін «Сауат ашу» пәнінен  
жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру бойынша  
ұзақ мерзімді жоспар

1) 0 - сынып:  
1-кесте

Ортақ тақырыптар	Бөлімдер	Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары
1 - тоқсан			
Өзім туралы	1. Тыңдалым және айтылым	1.1 Негізгі тілдік бірліктерді түсіну	0.1.1.1 нұсқауды түсіну
		1.2 Мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтау	0.1.2.1 сөз мағынасын түсіну
		1.3 Тыңдалған материалды мазмұндау	0.1.3.1 қарапайым тапсырмаларды орындай білу
		1.4 Дыбысқа назар аудару	0.1.4.1 тілдік емес дыбыстарды ажырату: қоршаған ортадағы әр түрлі дыбыстарды ажырата білу (жапырақтың сыбдыры, қоңыраудың шылдыры, аяқты басқандағы дыбыс)
		1.5 Тіл дыбыстарын дұрыс айту	0.1.5.1 артикуляциялық және тыныс алу жаттығуларын жасай білу; 0.1.5.2 артикуляциясы жеңіл дыбыстарды айта білу
Менің мектебім	2. Оқуға дайындық	2.1 Оқу дағдыларды меңгеру	0.2.1.1 тыңдау барысында тіл бірлестіктерін (сөз, сөйлем) ажырату
		3. Жазуға дайындық	3.1 Жазу жұмысына дайындық жаттығулары
	3.2 Кеңістікте және уақытты бағдарлау		0.3.2.1 кеңістік ұғымдарын (алыс, жақын, алдында, артында), тәулік мөлшерін (таңертең, түс, түн) түсіну
	3.3 Көріп қабылдауын дамыту		0.3.3.1 заттарды атау, затты толық мөлшерде көріп есте сақтау
	3.4 Қарапайым графикалық дағдыларды меңгеру		0.3.4.1 қол мен саусақтардың қимылы мен қозғалысын қалыптастыруға арналған жаттығуларды жасай білу
	3.5 Фонематикалық есту қабілетін дамыту	0.3.5.1 сөздегі дыбыстардың саны мен бірізділігін анықтау	

		3.7 Сөздің негізгі бірліктерінің шартты-графикалық формаларын қолдану (сөз, сөйлем)	0.3.7.1 сөзді, сөздегі дыбыс орнын, сөздегі буын санын белгілеу үшін шартты-графикалық жазбаны қолдану
2 - тоқсан			
Менің отбасым және достарым	1. Тыңдалым және айтылым	1.1 Негізгі тілдік бірліктерді түсіну	0.1.1.1 нұсқауды түсіну
		1.2 Мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтау	0.1.2.1 сөз мағынасын түсіну; 0.1.2.2 қысқа әңгіме және өлең мәтінін тыңдау, мәтін атауымен мазмұнды сәйкестендіру
		1.3 Тыңдалған материалды мазмұндау	0.1.3.1 қарапайым тапсырмаларды орындай білу
		1.4 Дыбысқа назар аудару	0.1.4.2 жануарлардың дыбысын ажырату (сиыр, ит); 0.1.4.3 әр түрлі дыбыс шығаратын заттарға-ұшақтың, машинаның дауысы, жануарларға еліктеу
		1.5 Тіл дыбыстарын дұрыс айту	0.1.5.1 артикуляциялық және тыныс алу жаттығуларын жасай білу; 0.1.5.2 артикуляциясы жеңіл дыбыстарды айта білу
Бізді қоршаған әлем	2. Оқуға дайындық	2.1 Оқу дағдыларын меңгеру	0.2.1.2 тыңдау барысында тіл бірлестіктерін (сөз, сөйлем, мәтін) ажырату
		2.2 Сөйлем құрастыру	0.2.2.1 мұғалімнің көмегімен сұрақ бойынша сөйлем құрастыру; 0.2.2.2 сызба бойынша сөйлем құрай білу
		2.3 Сұрақтарға жауап беру	0.2.3.1 тыңдаған материалдың мазмұны бойынша және мәтінге берілген суреттерге байланысты сұрақтарға жауап бере білу (мұғалім көмегімен)
		2.4 Дыбыс пен әріпті тану және ажырату	0.2.4.1 дыбыстардың сөздегі қызметін түсіну
	3. Жазуға дайындық	3.1 Жазу жұмысына дайындық жаттығулары	0.3.1.2 үлгі бойынша тақтаға бормен әртүрлі бағытта (түзу, көлденең, қиғаш, тік) сызықтар жүргізе білу
		3.2 Кеңістікте және уақытты бағдарлау	0.3.2.2 өз денесін бағдарлай білу (адамның дене мүшелерін атай білу)
		3.3 Көріп қабылдауын дамыту	0.3.3.1 заттарды атау, затты толық мөлшерде көріп есте сақтау; 0.3.3.2 таяқшаларды және қағаз жолақшаларын түр-түсі бойынша құрастыра білу
		3.4 Қарапайым графикалық	0.3.4.1 қол мен саусақтардың қимылы мен қозғалысын қалыптастыруға

		дағдыларды меңгеру	арналған жаттығуларды жасай білу; 0.3.4.2 сызықтар бойынша қағазды кию, жапсыру
		3.5 Фонематикалық есту қабілетін дамыту	0.3.5.1 сөздегі дыбыстардың саны мен бірізділігін анықтау; 0.3.5.2 дыбыстық құрамы әртүрлі буындарға дыбыстық талдау жасай білу (ау, уа, иа, аи, уаи)
		3.7 Сөздің негізгі бірліктерінің шартты-графикалық формаларын қолдану (сөз, сөйлем)	0.3.7.1 сөзді, сөздегі дыбыс орнын, сөздегі буын санын белгілеу үшін шартты-графикалық жазбаны қолдану
3 - тоқсан			
Саяхат	1. Тыңдалым және айтылым	1.1 Негізгі тілдік бірліктерді түсіну	0.1.1.2 тыңдау барысында тілдік бірліктерді (сөйлеу, сөз, сөйлем, мәтін) ажырату, тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну
		1.2 Мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтау	0.1.2.3 тыңдаған материалдың мазмұны бойынша және мәтінге берілген суреттерге байланысты сұрақтарға жауап бере білу (мұғалім көмегімен)
		1.3 Тыңдалған материалды мазмұндау	0.1.3.1 қарапайым тапсырмаларды орындай білу
		1.4 Дыбысқа назар аудару	0.1.4.3 әр түрлі дыбыс шығаратын заттарға-ұшақтың, машинаның дауысы, жануарларға еліктеу; 0.1.4.4 дауысты дыбыстарды өз ара ажырата білу
		1.5 Тіл дыбыстарын дұрыс айту	0.1.5.3 вербалды емес қарым-қатынас құралдарын (ым-ишара, қимыл), дауыс ырғағын, мәнерін, қарқынын, сөз арасындағы кідірісті қолдану
	2. Оқуға дайындық	2.1 Оқу дағдыларын меңгеру	0.2.1.2 тыңдау барысында тіл бірлестіктерін (сөз, сөйлем, мәтін) ажырату; 0.2.1.3 қысқа мәтіннің мазмұнын түсіну
		2.2 Сөйлем құрастыру	0.2.2.1 мұғалімнің көмегімен сұрақ бойынша сөйлем құрастыру
		2.3 Сұрақтарға жауап беру	0.2.3.1 тыңдаған материалдың мазмұны бойынша және мәтінге берілген суреттерге байланысты сұрақтарға жауап бере білу (мұғалім көмегімен)
		2.4 Дыбыс пен әріпті тану және ажырату	0.2.4.1 дыбыстардың сөздегі қызметін түсіну
	Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті	3. Жазуға дайындық	3.1 Жазу жұмысына дайындық жаттығулары

		3.2 Кеңістікте және уақытты бағдарлау	0.3.2.2 өз денесін бағдарлай білу (адамның дене мүшелерін атай білу); 0.3.2.3 кеңістікті білдіретін сөздерді түсіну, оң-сол дене мүшелерін көрсетіп, атап беру
		3.3 Көріп қабылдауын дамыту	0.3.3.3 таяқшаларды және қағаз жолақшаларын көлемі бойынша құрастыра білу
		3.4 Қарапайым графикалық дағдыларды меңгеру	0.3.4.3 қиылған жолақшаларды ретімен орналастыра білу
		3.5 Фонематикалық есту қабілетін дамыту	0.3.5.3 дыбыстық құрылымы әртүрлі сөздерге дыбыстық талдау жасай білу: бір дауысты дыбыстан тұратын түйық буынды сөздер (ат, от, ұн); үш дыбыстан құралған сөздер (мал, шар, лақ)
		3.7 Сөздің негізгі бірліктерінің шартты-графикалық формаларын қолдану (сөз, сөйлем)	0.3.7.1 сөзді, сөздегі дыбыс орнын, сөздегі буын санын белгілеу үшін шартты-графикалық жазбаны қолдану; 0.3.7.2 мұғалімнің көмегімен шартты-графикалық сызба құру; 0.3.7.3 сөйлемді сызба бойынша атау
4 - тоқсан			
Тағам және сусын	1. Тыңдалым және айтылым	1.1 Негізгі тілдік бірліктерді түсіну	0.1.1.1 нұсқауды түсіну; 0.1.1.2 тыңдау барысында тілдік бірліктерді (сөйлеу, сөз, сөйлем, мәтін) ажырату; 0.1.2.1 тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну
		1.2 Мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтау	0.1.2.1 сөз мағынасын түсіну; 0.1.2.3 тыңдаған материалдың мазмұны бойынша және мәтінге берілген суреттерге байланысты сұрақтарға жауап бере білу (мұғалім көмегімен)
		1.3 Тыңдалған материалды мазмұндау	0.1.3.1 қарапайым тапсырмаларды орындай білу
		1.4 Дыбысқа назар аудару	0.1.4.4 дауысты дыбыстарды өз ара ажырата білу; 0.1.4.5 дауыссыз дыбыстарды өзара ажырата білу; 0.1.4.6 дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырата білу
		1.5 Тіл дыбыстарын дұрыс айту	0.1.5.1 артикуляциялық және тыныс алу жаттығуларын жасай білу; 0.1.5.2 артикуляциясы жеңіл дыбыстарды айта білу; 0.1.5.3 вербалды емес қарым-қатынас құралдарын (ым-ишара, қимыл),

			дауыс ырғағын, мәнерін, қарқынын, сөз арасындағы кідірісті қолдану
	2. Оқуға дайындық	2.1 Оқу дағдыларын меңгеру	0.2.1.1 тыңдау барысында тіл бірлестіктерін (сөз, сөйлем) ажырату; 0.2.1.2 тыңдау барысында тіл бірлестіктерін (сөз, сөйлем, мәтін) ажырату; 0.2.1.3 қысқа мәтінің мазмұнын түсіну
		2.2 Сөйлем құрастыру	0.2.2.1 мұғалімнің көмегімен сұрақ бойынша сөйлем құрастыру
		2.3 Сұрақтарға жауап беру	0.2.3.1 тыңдаған материалдың мазмұны бойынша және мәтінге берілген суреттерге байланысты сұрақтарға жауап бере білу (мұғалім көмегімен)
		2.4 Дыбыс пен әріпті тану және ажырату	0.2.4.1 дыбыстардың сөздегі қызметін түсіну
Дені саудың – жаны сау	3. Жазуға дайындық	3.1 Жазу жұмысына дайындық жаттығулары	0.3.1.1 денені дұрыс ұстау, дұрыс отыру, дәптерді дұрыс қою, қарындашты/қаламды дұрыс ұстау; 0.3.1.2 үлгі бойынша тақтаға бормен әртүрлі бағытта (түзу, көлденең, қиғаш, тік) сызықтар жүргізе білу; 0.3.1.3 дәптерге қарындашпен әртүрлі бағытта (түзу, көлденең, қиғаш, тік) сызықтар жүргізе білу
		3.2 Кеңістікте және уақытты бағдарлау	0.3.2.1 кеңістік ұғымдарын (алыс, жақын, алдында, артында), тәулік мөлшерін (таңертең, түс, түн) түсіну; 0.3.2.2 өз денесін бағдарлай білу (адамның дене мүшелерін атай білу); 0.3.2.3 кеңістікті білдіретін сөздерді түсіну, оң-сол дене мүшелерін көрсетіп, атап беру
		3.3 Көріп қабылдауын дамыту	0.3.3.1 заттарды атау, затты толық мөлшерде көріп есте сақтау; 0.3.3.2 таяқшаларды және қағаз жолақшаларын түр-түсі бойынша құрастыра білу; 0.3.3.3 таяқшаларды және қағаз жолақшаларын көлемі бойынша құрастыра білу
		3.4 Қарапайым графикалық дағдыларды меңгеру	0.3.4.1 қол мен саусақтардың қимылы мен қозғалысын қалыптастыруға арналған жаттығуларды жасай білу; 0.3.4.2 сызықтар бойынша қағазды қию, жапсыру; 0.3.4.3 қиылған жолақшаларды ретімен орналастыра білу
		3.5 Фонематикалық есту қабілетін дамыту	0.3.5.1 сөздегі дыбыстардың саны мен бірізділігін анықтау;

		0.3.5.2 дыбыстық құрамы әртүрлі буындарға дыбыстық талдау жасай білу; 0.3.5.3 дыбыстық құрылымы әртүрлі сөздерге дыбыстық талдау жасай білу: бір дауысты дыбыстан тұратын түйық буынды сөздер; үш дыбыстан құралған сөздер
	3.7 Сөздің негізгі бірліктерінің шартты-графикалық формаларын қолдану (сөз, сөйлем)	0.3.7.2 мұғалімнің көмегімен шартты-графикалық сызба құру; 0.3.7.3 сөйлемді сызба бойынша атау

2) 1 - сынып:

2-кесте

Ортақ тақырыптар	Бөлімдер	Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары
1 – тоқсан			
Өзім туралы	1. Тыңдалым және айтылым	1.1 Негізгі тілдік бірліктерді түсіну	1.1.1.1 тыңдау барысында тілдік бірліктерді (сөйлеу, сөз, сөйлем) түсіну, ажырату
		1.2 Мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтау	1.1.2.1 мұғалімнің көмегімен мәтінде кім? (не?) туралы айтылғанын анықтау
		1.3 Тыңдалған материалды мазмұндау	1.1.3.1 сөйлем құрастыру
		1.4 Дыбысқа назар аудару	1.1.4.1 сөздегі бірінші дыбысты ажырата білу
		1.5 Тіл дыбыстарын дұрыс айту	1.1.5.1 артикуляциялық және тыныс алу жаттығуларын жасай білу
Менің мектебім	2. Оқуға дайындық	2.1 Оқу дағдыларын меңгеру	1.2.1.1 қысқа мәтіннің мазмұнын түсіну (2-3 сөйлемнен құрылған)
		2.2 Сөйлем құрастыру	1.2.2.1 мұғалімнің көмегімен көрнекілікке сүйене отырып, сөйлем құрастыру
	3. Жазуға дайындық	3.1 Жазу жұмысына дайындық жаттығулары	1.3.1.1 денені дұрыс ұстау, дұрыс отыру, дәптерді дұрыс қою, қарындашты/қаламды дұрыс ұстау
		3.2 Кеңістікте және уақытты бағдарлау	1.3.2.1 жазу жолы, жоларалық кеңістік, жолдың жоғарғы және төменгі сызығы, көлбеу, тік сызығы
		3.3 Көріп қабылдауын дамыту	1.3.3.1 заттың бөлшегін бөліп айту, заттарды топ ішінде бөліп айта білу
		3.4 Қарапайым графикалық дағдыларды меңгеру	1.3.4.1 сызықты бір бағыттан екінші бағытқа бұрып сыза білу, белгілеген сызықтан асырмай сыза білу

		3.5 Фонематикалық есту қабілетін дамыту	1.3.5.1 сөздер мен сөйлемдердің құрылымын сызба арқылы түсініп, тани білуі (сөздегі буын санын, сөйлемдегі сөз санын анықтау)
		3.6 Көшіріп, жат жазу дағдыларын меңгеру	1.3.6.1 баспа мәтіннен буындар мен сөздерді көшіріп жазу; 1.3.6.2 дыбыстық-әріптік талдаудан кейін әріптерді, буындарды қолжазба мәтінінен көшіріп жазу
		3.7 Сөздің негізгі бірліктерінің шартты-графикалық формаларын қолдану (сөз, сөйлем)	1.3.7.1 сөзді, сөздегі дыбыс орнын, сөздегі буын санын белгілеу үшін шартты-графикалық жазбаны қолдану; 1.3.7.2 тиісті суретке байланысты сөз сызбасын таңдау
2 - тоқсан			
Менің отбасым және достарым	1. Тыңдалым және айтылым	1.1 Негізгі тілдік бірліктерді түсіну	1.1.1.2 тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну
		1.2 Мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтау	1.1.2.1 мұғалімнің көмегімен мәтінде кім? (не?) туралы айтылғанын анықтау
		1.3 Тыңдалған материалды мазмұндау	1.1.3.2 мұғалімнің көмегімен оқығанын есіне сақтай отырып айтып беру
		1.4 Дыбысқа назар аудару	1.1.4.2 керекті дыбысы бар сөздерді естіп, ажырата білу; 1.1.4.3 дыбыстық құрамы жақын сөздерді ажырата білу (бақа — баға, қас — қаш)
		1.5 Тіл дыбыстарын дұрыс айту	1.1.5.2 артикуляциясы қиын дыбыстарды айта білу; 1.1.5.4 ана тілі дыбыстарын дұрыс айту
Бізді қоршаған әлем	2. Оқуға дайындық	2.1 Оқу дағдыларын меңгеру	1.2.1.1 қысқа мәтіннің мазмұнын түсіну (2-3 сөйлемнен құрылған)
		2.2 Сөйлем құрастыру	1.2.2.1 мұғалімнің көмегімен көрнекілікке сүйене отырып, сөйлем құрастыру
		2.3 Сұрақтарға жауап беру	1.2.3.1 мәтін иллюстрациясы бойынша қойылған сұраққа жауап беру (мұғалім көмегімен)
		2.4 Дыбыс пен әріпті тану және ажырату	1.2.4.1 әріпті тану, ажырату және оны дыбыспен сәйкестендіру; 1.2.4.4 Аа, Оо, Лл, Тт, Мм, Пп, Нн, Рр, Уу, Ғғ, Сс, Йй дыбысы мен әріпін меңгеру
	3. Жазуға дайындық	3.1 Жазу жұмысына дайындық жаттығулары	1.3.1.1 денені дұрыс ұстау, дұрыс отыру, дәптерді дұрыс қою, қарындашты/қаламды дұрыс ұстау

		3.2 Кеңістікте және уақытты бағдарлау	1.3.2.1 жазу жолы, жоларалық кеңістік, жолдың жоғарғы және төменгі сызығы, көлбеу, тік сызығы
		3.3 Көріп қабылдауын дамыту	1.3.3.2 екі затты салыстыра білу, бірінің үстіне бірі салынған заттардың бейнесін танып білу
		3.4 Қарапайым графикалық дағдыларды меңгеру	1.3.4.2 үлгі бойынша шар, шеңбер, ұшбұрыш, шаршыны айналдырып сыза білу, оларды бояу, штрихтау
		3.5 Фонематикалық есту қабілетін дамыту	1.3.5.2 кеспе әліппенің әріптері мен буындарынан сөз құрай білу
		3.6 Көшіріп, жат жазу дағдыларын меңгеру	1.3.6.2 дыбыстық-әріптік талдаудан кейін әріптерді, буындарды қолжазба мәтінінен көшіріп жазу; 1.3.6.3 айтуы мен жазуында айрмашылығы жоқ әріптерді, буындарды, сөздерді, сөйлемдерді жат жазу (алдын ала дыбыстық-әріптік талдаудан кейін)
		3.7 Сөздің негізгі бірліктерінің шартты-графикалық формаларын қолдану (сөз, сөйлем)	1.3.7.1 сөзді, сөздегі дыбыс орнын, сөздегі буын санын белгілеу үшін шартты-графикалық жазбаны қолдану; 1.3.7.2 тиісті суретке байланысты сөз сызбасын таңдау
3 - тоқсан			
Саяхат	1. Тыңдалым және айтылым	1.1 Негізгі тілдік бірліктерді түсіну	1.1.1.1 тыңдау барысында тілдік бірліктерді (сөйлеу, сөз, сөйлем) түсіну, ажырату; 1.1.1.2 тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну
		1.2 Мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтау	1.1.2.1 мұғалімнің көмегімен мәтінде кім? (не?) туралы айтылғанын анықтау
		1.3 Тыңдалған материалды мазмұндау	1.1.3.1 сөйлем құрастыру; 1.1.3.2 мұғалімнің көмегімен оқығанын есіне сақтай отырып айтып беру
		1.5 Дыбысқа назар аудару	1.1.5.4 артық буынды табу (ба-ба-па-ба); 1.1.5.5 сөздерді анық, қатесіз қайталауға дағдылану
		1.6 Тіл дыбыстарын дұрыс айту	1.1.6.3 вербалды емес қарым-қатынас құралдарын (ым-ишара, қимыл), дауыс ырғағын, мәнерін, қарқынын, сөз арасындағы кідірісті қолдану; 1.1.6.5 ана тілі дыбыстарын дұрыс айту
		2. Оқуға дайындық	2.1 Оқу дағдыларын меңгеру
		2.2 Сөйлем құрастыру	1.2.2.2 берілген сюжетті сурет

			бойынша шағын әңгіме құрап айту
		2.3 Сұрақтарға жауап беру (мұғалімнің көмегімен)	1.2.3.1 мәтін иллюстрациясы бойынша қойылған сұраққа жауап беру (мұғалім көмегімен)
		2.4 Дыбыс пен әріпті тану және ажырату	1.2.4.1 әріпті тану, ажырату және оны дыбыспен сәйкестендіру; 1.2.4.5 Ққ, Шш, С-Ш, Ыы, Ее, Дд, Д-Т, Кк, Іі, Ы-І, Зз, С-З, Гг, Г-К, Ұұ, Ңң, Ң-Н, Жж, Ж-Ш, Ии, И-Й, Үү, Ү-Ү, Хх, Өө, Ө-О, Әә, Ә-А, һ, Яя, Ю, дыбысы мен әріпін меңгеру
Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті	3. Жазуға дайындық	3.1 Жазу жұмысына дайындық жаттығулары	1.3.1.1 денені дұрыс ұстау, дұрыс отыру, дәптерді дұрыс қою, қарындашты/қаламды дұрыс ұстау
		3.2 Кеңістікте және уақытты бағдарлау	1.3.2.1 жазу жолы, жоларалық кеңістік, жолдың жоғарғы және төменгі сызығы, көлбеу, тік сызығы
		3.3 Көріп қабылдауын дамыту	1.3.3.3 контурлы бейнеленген заттарды танып, атау, бір элементі жетіспейтін затты танып, атау
		3.4 Қарапайым графикалық дағдыларды меңгеру	1.3.4.3 сурет салу, түзу сызық, үзік сызықтар, ирек сызықтар, әріп элементтерін ретпен жазу
		3.5 Фонематикалық есту қабілетін дамыту	1.3.5.3 дыбыстық құрылымы әртүрлі сөздерге дыбыстық талдау жасай білу:екі дыбысты ашық буыннан тұратын сөздер (ма-са, ма-та, ша-на);бір дыбысты ашық буын мен үш дыбысты бітеу буыннан тұратын сөздер (о-рақ, а-сық, а-ғаш, о-жау)
		3.6 Көшіріп, жат жазу дағдыларын меңгеру	1.3.6.4 көшіріп жазу кезінде сөзде жетіспейтін әріпті, буынды қою (алдын ала талдаудан кейін); 1.3.6.5 жетіспейтін сөздерді орнына қойып сөйлемді көшіріп жазу (сурет бойынша)
		3.7 Сөздің негізгі бірліктерінің шартты-графикалық формаларын қолдану (сөз, сөйлем)	1.3.7.2 тиісті суретке байланысты сөз сызбасын таңдау 1.3.7.3 сөйлемнің шартты-графикалық сызбасын құру; 1.3.7.4 сөйлемдегі сөздер санын атау
4 - тоқсан			
Тағам және сусын	1. Тыңдалым және айтылым	1.1 Негізгі тілдік бірліктерді түсіну	1.1.1.1 тыңдау барысында тілдік бірліктерді (сөйлеу, сөз, сөйлем) түсіну, ажырату; 1.1.1.2 тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну
		1.2 Мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтау	1.1.2.1 мұғалімнің көмегімен мәтінде кім? (не?) туралы айтылғанын анықтау

		1.3 Тыңдалған материалды мазмұндау	1.1.3.1 сөйлем құрастыру; 1.1.3.2 мұғалімнің көмегімен оқығанын есіне сақтай отырып айтып беру	
		1.4 Дыбысқа назар аудару	1.1.5.6 сөздерді буынға бөліп айта білу сөздегі дауысты, дауыссыз дыбыстарды анықтап, бөліп айта білу;	
		1.5 Тіл дыбыстарын дұрыс айту	1.1.6.2 артикуляциясы қиын дыбыстарды айта білу; 1.1.6.3 вербалды емес қарым-қатынас құралдарын (ым-ишара, қимыл), дауыс ырғағын, мәнерін, қарқынын, сөз арасындағы кідірісті қолдану	
		2. Оқуға дайындық	2.1 Оқу дағдыларын меңгеру	1.2.1.1 қысқа мәтіннің мазмұнын түсіну (2-3 сөйлемнен құрылған); 1.2.1.2 мәтінде автордың кім? (не?) туралы айтқысы келгенін түсіну
		2.2 Сөйлем құрастыру	1.2.2.1 мұғалімнің көмегімен көрнекілікке сүйене отырып, сөйлем құрастыру; 1.2.2.2 берілген сюжетті сурет бойынша шағын әңгіме құрап айту	
		2.3 Сұрақтарға жауап беру	1.2.3.1 мәтін иллюстрациясы бойынша қойылған сұраққа жауап беру (мұғалім көмегімен)	
		2.4 Дыбыс пен әріпті тану және ажырату	1.2.4.1 әріпті тану, ажырату және оны дыбыспен сәйкестендіру	
Дені саудың – жаны сау	3. Жазуға дайындық	3.1 Жазу жұмысына дайындық жаттығулары	1.3.1.1 денені дұрыс ұстау, дұрыс отыру, дәптерді дұрыс қою, қарындашты/қаламды дұрыс ұстау	
		3.2 Кеңістікте және уақытты бағдарлау	1.3.2.1 жазу жолы, жоларалық кеңістік, жолдың жоғарғы және төменгі сызығы, көлбеу, тік сызығы	
		3.3 Көріп қабылдауын дамыту	1.3.3.3 контурлы бейнеленген заттарды танып, атау, бір элементі жетіспейтін затты танып, атау; 1.3.3.4 геометриялық фигураларды білу, құрастыру	
		3.4 Қарапайым графикалық дағдыларды меңгеру	1.3.4.1 сызықты бір бағыттан екінші бағытқа бұрып сыза білу, белгілеген сызықтан асырмай сыза білу; 1.3.4.2 үлгі бойынша шар, шеңбер, ұшбұрыш, шаршыны айналдырып сыза білу, оларды бояу, штрихтау; 1.3.4.3 сурет салу, түзу сызық, үзік сызықтар, ирек сызықтар, әріп элементтерін ретпен жазу	
		3.5 Фонематикалық есту қабілетін дамыту	1.3.5.3 дыбыстық құрылымы әртүрлі сөздерге дыбыстық талдау жасай білу: екі дыбысты ашық буыннан тұратын сөздер (ма-са, ма-та, ша-на);	

			бір дыбысты ашық буын мен үш дыбысты бітеу буыннан тұратын сөздер (о-рақ, а-сық, а-ғаш, о-жау)
		3.6 Көшіріп жазу дағдыларын меңгеру	1.3.6.4 көшіріп жазу кезінде сөзде жетіспейтін әріпті, буынды қою (алдын ала талдаудан кейін); 1.3.6.5 жетіспейтін сөздерді орнына қойып сөйлемді көшіріп жазу (сурет бойынша)
		3.7 Сөздің негізгі бірліктерінің шартты-графикалық формаларын қолдану (сөз, сөйлем)	1.3.7.2 тиісті суретке байланысты сөз сызбасын таңдау 1.3.7.3 сөйлемдің шартты-графикалық сызбасын құру; 1.3.7.4 сөйлемдегі сөздер санын атау

